ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

Шиелі кенті 03 қыркүйек 2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі- Бөлім)* қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Бөлім басшысының міндетін атқарушы 2026 жылғы 17 шілдедегі №150 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Бағдатұлы Нұршат	- Бөлім басшысының міндетін атқарушы, топ жетекшісі;
Нысанов Бекжан Маратұлы	- Бөлімнің бас маманы, топ мүшесі;
Байбол Тұрсынай Қазыбекқызы	- Бөлімнің жетекші маманы, топ мүшесі;
Ташмухамедов Мухамеджан Канайевич	- Бөлімнің әдіскері, топ мүшесі;
Рисманбетова Акниет Эрмухамедовна	- Бөлімнің әдіскері, топ мүшесі;
Кузербаева Гульжахан Бахитбековна	- Бөлімнің хатшысы, жұмыс тобының хатшысы;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 01.07.2025-01.07.2026 жыл аралығы.

5. Ішкі талдау жүргізу кезеңі 2026 жылдың 31 тамызынан-07 қыркүйек аралығы.

6. Бөлім басшысының міндетін атқарушы Н.Бағдатұлына топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде *(бұдан әрі - НҚА)* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

1.«Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік, өнеркәсіп, сауда қызметі салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шиелі ауданының әкімдігі болып табылады.

3. «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Сондай-ақ Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №71 қаулысымен «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілген.

Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

Мекен-жайы: Шиелі кенті, Көкшоқы шағын ауданы, И.Әбдікәрімов 11.

II. Бөлімнің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлім өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексі;
- Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚРЗ;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚРЗ;
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасындағы Заңы;
- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы №265 бұйрығымен бекітілген Құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласындағы рұқсат беру рәсімдерінен өту қағида.

Тізбектелген нормативті құқықтық актілерге талдау жүргізу нәтижесінде қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар анықталмады.

Бөлімнің қызметін қозғайтын басқа НҚА-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмады.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Персоналды басқару бағыты бойынша

Бекітілген құрамға сәйкес 2025 жылы штат саны 20 бірлікті құрады. Бөлім басшысы – 1, Сектор меңгеруші 1, бас маман – 2, жетекші маман 1, әдіскер-6, хатшы - 1, көлік жүргізуші-1, қарауыл – 3, еден жуушы – 2, маусымдық от жағушы – 2.

Сондай-ақ, есепті кезеңде бөлім қызметкерлерінің әрекеттеріне және моральдық-этикалық жағынан шағымдар түспеген.

Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің мемлекеттік қызметкерлерімен 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Салық кодексіне сәйкес 2024-2025 жылдар бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағындағы, одан тыс жерлердегі кірістері мен мүлкі туралы декларациялары толық ұсынылған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері орын алмаған. Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкурсты «Шиелі ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы өткізілуде.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алмаған.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Есепті кезеңде бөлім қызметкерлерінен тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау фактілері орын алмаған, тәртіптік жаза қолданылмаған. 2025-2026 жылдары бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

Бөлімді талдау кезеңінде сыйақы алу рәсімдеріне талдау жүргізілді. Бөлім басшысының бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметшілерден бастап штаттан тыс қызметкерлерге сыйақы беріліп отырған. Анықтама үшін: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысының талаптарына сәйкес сыйақы және басқа да қаржылай көтермелеу шаралары жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы орын алмаған.

01.07.2025-01.07.2026 жылдары кезең бойынша мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы орын алмаған. Кадрлық қамтамасыз ету қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін фактілер орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша

Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің құзыреттілігінде көзделмеген.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру

Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің Ережеде көзделген фунциялардан басқа тыс жұмыстар мен қызметтер/ тән емес фунциялар/ жүктелмеген.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Шиелі ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 ақпандағы №51 қаулысымен «Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілген.

Ережеге сәйкес бөлімнің функциясына:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру:

2) аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын, сондай-ақ кенттің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

3) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

4)аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

5) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

6) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

7) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын іске асыру;

8) ведомстволық бағыныстағы аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс енгізу;

9) аудан аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен-жайын анықтау жөнінде анықтама беру;

10) «Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету;

11) « Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертпей қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін)реконструкциялауға(қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету;

12) «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету;

13) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы » мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету;

14) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру және өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына бақылау жасау;

15) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жарнама қызметінің мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

16) «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз ету;

17) аудан аумағында сәулет-құрылыс бақылауы органының жұмысына жәрдемдесу; *(әрі қарай - Функциялар)*.

«Шиелі ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025-2026 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жоспары бекітілген.

Жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында құқықтық оқытулар өткізіліп, бөлім қызметкерлері арасында қызмет барысында және қызметтен тыс кезде сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау мақсатында сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптар жазбаша түрде таныстырылған. Бөлім қызметкерлер тарапынан этикалық нормалардың сақталуы ұдайы талап етіледі.

Бөлімнің қабылдау бөлмесінде жеке қабылдау кестесі және кіре-беріс дәлізде арыз-шағымдарға арналған пошта жәшігі көпшілікке көрінетін жерге орналастырылған. Сенім телефоны бекітілген.

01.07.2025-01.07.2026 жылдары кезеңі бойынша жеке және заңды тұлғалардан 124 өтініш келіп түскен, мамандар тарапынан нақты әрі сапалы жауаптер берілген.

Бөлімге қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік – процестік Кодексіне сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалғандар анықталмады.

Заңнамадағы белгіленген талаптарға сәйкес, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің қарау мерзімі күнтізбелік 15 жұмыс күнге қойылып орындалуына ұсынылады.

01.07.2025-01.07.2026 жылдары кезеңі қорытындысы бойынша бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

01.07.2025-01.07.2026 жылдары кезеңі бойынша:

қаралған қаражат көлемі – 183 883,4 мың теңге;

оның ішінде:

жалақы қорына жалпы – 98 311,2 мың теңге,

міндетті сақтандыру жарналарына – 61,1 мың теңге,

қызметкерлердің ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарларға – 3 721,5 мың теңге,

жанар-жағар май материалдарын сатып алуға – 964,9 мың теңге,

өзге де қорларды сатып алуға – 971,3 мың теңге,

коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – 5 175,1 мың теңге,

байланыс қызметі үшін – 493,5 мың теңге,

өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге – 74 202,8 мың теңге.

Игерілгені – 183 342,1 мың теңге;

Қайтарылғаны – 541,3 мың теңге.

Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша

8.1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 5-бабының 7-тармағында «Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына айына екі реттен асырмай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы» делінген.

Алайда, мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына айына екі реттен артық өзгерістер және толықтырулар енгізуге мүмкіндіктер жасалған. Бұл өз кезегінде тапсырыс берушілермен Заң бұзушылықтарға жол беруіне тәуекел тудырады.

Бұндай Заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мемлекеттік сатып алу веб-порталында Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына айына екі реттен артық өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тетігін автоматты түрде бұғаттау жұмыстарын жүргізу қажет деп есептейміз.

ҰСЫНЫМ:

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 7-тармағына сәйкес Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына айына екі реттен артық өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тетігін бұғаттау жұмыстарын жүргізу жөнінде ҚР Қаржы министрлігіне ұсыныстар жолдау қажет.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобының жетекшісі: **Н.Бағдатұлы**

Жұмыс тобының мүшелері: **Б.Нысанов**

Т.Байбол

М.Ташмухамедов

А.Рисманбетова

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Бөлім басшысының м.а **Н.Бағдатұлы**